Докторант Усенова Нуржамалдың «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған ««Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» атты диссертациялық жұмысына берілген отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу – түркі дүниесінің ортақ рухани мұрасы саналатын «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармалары мен әдеби-көркемдік әлемін, туындыдағы тарихи деректің көркем баяндалу табиғатын кешенді талдауға бағытталған еңбек. Тақырыптың ғылыми өзектілігі дау тудырмайды. Қазіргі гуманитарлық ғылымда түпнұсқа мен аударма арақатынасы, тарихи шежіренің әдеби дискурстағы орны, ұлттық қабылдау ерекшеліктері – қайта қарауды қажет ететін мәселелердің бірі.

Докторант Нуржамал Усенова зерттеу жұмысында «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі негізгі нұсқаларын салыстыра талдап, олардың мәтіндік құрылымы, тарихи фактілерді бейнелеу ерекшеліктері, «Бабырнаманың» сюжеттік-композициялық және әдеби-көркем ерекшеліктері тұрғысынан жүйелі сараптама жасаған. Диссертацияның теориялық тірегі берік, әдіснамалық негіздемесі жеткілікті. Автор әдебиеттану, шығыстану, аударматану салаларындағы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін орынды игерген, ғылыми пайымдарын нақты деректермен дәлелдей алған. Атап айтқанда, зерттеуші диссертацияның бірінші тарауында «Бабырнаманың» қолжазбалары мен көшірмелері және зерттелуі туралы жайында толық ғылыми шолу жасаған. Сонымен қатар «Бабырнаманың» қазақ жазба әдебиетіндегі маңызы мен әдебиеттану саласындағы зерттеулерге кеңінен тоқталған. Одан соң тарихи жәдігердің қазақ тіліне аударылу тарихы, қазақ тіліндегі негізгі аудармаларына, яғни Байұзақ Қожабекұлы мен Ислам Жеменей аудармаларындағы негізгі айырмашылықтар мен ерекшеліктерге талдау жасаған.

Ал екінші тарауында «Бабырнаманың» мемуарлық және автобиографиялық жанрлық табиғатын бірнеше кестелер арқылы талдап көрсетіп шыққан. «Бабырнаманың» шығыс әдебиетінде мемуар жанрын қалыптастырудағы орнын көрсеткен. Сонымен қатар зерттеуші Бабырдың мемуары тарихи хроника ғана емес, көркем шығарма ретіндегі сипатымен сараланатынын баса айтып, жұмыстың жаңашылдығы автордың туындыдағы «Мен» бейнесі, баяндау тәсілдері, композициялық құрылымы, оқиғалардың баяндалуындағы әдеби ерекшеліктеріне талдау жүргізу арқылы көрініс тапқан. Бұл тарауда зерттеуші тарихи мұраның поэтика және көркемдік құралдар мен бейнелеу жүйесін, табиғат суреттерінің поэтикалық мәнін, кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы тәсілдер мен метафора, эпитет, теңеу, гипербола сияқты көркемдік амалдардың қызметін жан-жақты талдау арқылы аталған мәселенің зерттелмеген тың тұстарын ашуға қадам жасалған. Зерттеуші Бабыр кейіпкерлерінің портретін бейнелеуде салыстыру, ұқсату,

сипаттау, теңеу сияқты көркемдік әдіс-тәсілдерді шебер қолданғанын осы екінші тарауда нақты дәлелдеп шыққан. Зерттеуші диссертацияның үшінші тарауында «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасын, тарихи оқиғалардың әдеби көркем бейнеде берілуі мен тарихи тұлғалар бейнесіне талдау жасай отыра, Бабырдың тарихи деректерге сүйенуі мен көркемдік шешім арқылы толықтыруы арасындағы байланысты қарастырған. Ізденуші ұсынған шешімдердің жаңашылдығы «Бабырнаманың» көркемдік әлемін зерттей келіп, қазақ және түркі әдебиетіне ортақ бұл мұраның әдебиеттану саласындағы зерттеулері үздіксіз дамып, өзгеріп отыратындығын жаңа көзқарас ретінде ұсынады және бұл зерттеу түркі халықтарының рухани ортақ мұрасын қазіргі заман контекстінде жаңаша қарастыруға септігін тигізеді деп сенемін.

Сонымен қатар жұмыстың практикалық маңызы да айқын. Зерттеу нәтижелері университеттердегі әдебиет теориясы, орта ғасыр әдебиеті мен арнайы курстық пәндеріне қосымша материал ретінде қолдануға жарамды. Зерттеуші жасаған мәтіндік салыстырулар «Бабырнама» бойынша жаңа критикалық басылымдар әзірлеуде де құнды көмекші құрал бола алады. Зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалған. Докторант ғылыми тұжырымдарын анық, жинақы және сенімді түрде жеткізеді. Диссертация академиялық талаптарға сай рәсімделген, дереккөздерді пайдалану мәдениеті жоғары деңгейде.

Докторант Нуржамал Усенова зерттеу жұмысының негізгі мазмұны жөнінде ҚР Жоғары Білім және Ғылым аттестаттау комитеті бекіткен ғылыми журналдар мен шетелдік басылымдарда мақалалар жариялаған. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы жеткілікті. Диссертациялық жұмыс мазмұндық жағынан да, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы тұрғысынан да қорғау деңгейіне толық сәйкес келеді.

Қорыта айтқанда, Усенова Нуржамалдың «8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар» атты диссертациялық жұмысын оң бағалаймын және диссертациялық кеңесте қорғауға дайын жұмыс деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
ф.ғ.д., профессор Зинол-Ғабден Бисенғали Қабиұлы



әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Ғылыми кітапханасы
даярлау және аттестаттау басқармасының қызметкері
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
«06» 01 2026 ж./г.